



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Источники: данные за период 1992-2001 годов – Азиатский банк развития со ссылкой на национальные статистические органы Кыргызстана; данные за период 2002-2013 годов – EconomistIntelligenceUnit со ссылкой на национальные статистические органы Кыргызстана.
3. Источники: данные за период 1992-2001 годов – Азиатский банк развития со ссылкой на национальные статистические органы Таджикистана; данные за период 2002-2013 годов – EconomistIntelligenceUnit со ссылкой на национальные статистические органы Таджикистана.
4. Image by Flickr/MinaleTattersfield, North Point Kings Road, Hong Kong, Sinopec Oil Station (2008)
5. <http://caa-network.org/archives/5706>

ӨОЖ 303.625.25

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ташмагамбетова Мадина Тулегеновна

akka_maka@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану
мамандығының 2 – курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Даркенов

Бізді қоршаған тіршіліктегі құбылыстар мен оқиғалардың өзгеруі өздігінен себеп-салдарсыз болмайды. Ол белгілі бір объективтік заңдылықтар негізінде жүзеге асып жатады. Сол сияқты адамзатта дами келе объективті түрде көптеген әлеуметтік қауымдарға бөлініп кетеді. Солардың бірі этнос болып табылады. Этнос - бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірыңғай атауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдырлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады. Уақыт өте келе, әртүрлі факторларға байланысты, әсіресе жаһандану процессінің ықпалынан осы этностардың және олардың әлеуметтік, ғылыми, мәдени және тағыда басқада деңгейдегі өзара байланысы орнатылды. Соның айқын мысалы ретінде Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы дамып келе жатқан қарым – қатынастар жөнінде айтуға болады.

Корей Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы дипломатиялық қарым – қатынастардың орнағанына биыл 23 жыл толып отыр. Бүгінгі таңда екі ел әлемдік қауымдастықта бірін – бірі қолдап, тек қана экономикалық жағынан емес, саяси тұрғыдан да ынтымақтастығын белсенді арттырып келеді. Сонымен қатар, екі ел арасындағы көпірге айналған 100 мыңдаған қазақстандық корейліктердің арқасында біртіндеп қоғамдық, мәдениет, білім салаларындағы қатынас кеңейіп, дамып барады.

Қазіргі таңдағы қазақ – кәріс қарым – қатынастар өзінің бастауын сонау кеңестік уақыттан алады және бірнеше кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең. 1970 ж. ортасында басталады. Бұл уақытта КСРО елдерінің мекемелері мен Оңтүстік Корея компанияларының арасында тура емес сауда операциялары жүзеге асырылады. Бірінші кезең 1980 ж. дейін жалғасып, американдық, еуропалық және жапондық сауда фирмаларының делдалдылығымен болған экспорттық – импорттық келісімдермен шектеледі. Алайда, 1988 жылы Сеулде өткен Олимпиадаға кеңес үкіметінің делегациясының қатысуы КСРО мен Корея арасындағы ресми қарым – қатынастардың пайда болуына әкеп соқты. Кәрістердің көрсеткен сый – құрметі, қонақжайлылығы кеңес үкіметінің спортшыларына үлкен таңқалдырарлық әсер қалдырып, таныс емес мемлекетке деген қызығушылық тудырды [1].

Екінші кезеңнің бастауы 1989 ж. көктемде Сеулде КСРО – ның сауда – өндірістік палатасының, ал Мәскеуде Оңтүстік Кореяның сауда және ынтымақтастықты дамытуға

ықпал ету корпорациясының ашылуымен байланысты. Осы арқылы ең алғашқы екі жақты заңды негіздегі сауды – экономикалық ынтымақтастыққа жол ашылды. Бұл кезең қысқа болғанымен қарым – қатынастардың күрт жандануымен ерекшеленеді [2].

Жаңа кезең. КСРО – ның құлдырауымен басталып, ендігі жаңа егеменді мемлекеттердің сыртқы саясаты кеңес үкіметінен кейінгі «өткеннің» ықпалында болған аз ғана уақытты қамтиды. Бұл кезеңде 1991 жылы 30 желтоқсанда шетел елдерінің ішіндегі ең алғашқыларының бірі болып , Корея Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындады. Бір айдан соң , яғни 1992 жылы 28 қаңтарда екі ел арасында ресми дипломатиялық қатынас жөнінде келісімшартқа келеді. Осы келісімшартқа сәйкес, 1993 жылы 30 маусымда Алматы қаласында Оңтүстік Корея мемлекетінің елшісі , ал 1995 жылы 12 мамырда Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен, Сеулде Қазақстан Республикасының елшілігі құрылады [3].

Енді ресми өзара байланыс орнағаннан кейін , экономикалық және мәдени – гуманитарлық қарым – қатынастардың орнап , дамуын негізгі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады :

I. *Бірінші кезең (1990 – шы жж.)* – екі елдің өзара бірін – бірі тану және жақындасу уақыты болды. Бұл кезеңге құқықтық базаның және экономикалық қарым – қатынастардың қалыптасуы кіреді. Кезеңнің аяқталуы 1997 - 1998 жылдардағы азиялық қаржы дағдарысымен байланысты болды [4].

Қуатты капитал , озық технологиялар мен нақтыланған басқару жүйесі бар Оңтүстік Корея , Қазақстанның сенімді экономикалық әріптесі ретінде көзге түсті. Алайда , 1990 ж. қаржы – экономикалық дағдарыс салдарынан , Кореяның капитал ағыны тоқтап , бірқатар перспективті жобалар күйреді. Бұл уақытта елдің қауіпсіздік кепілдігі мен қаржы, инвестициялық қолдауды қамтасыз ету үшін ядролық қарудан бас тартқан Қазақстан , ТҰК (ТНК) пен батыс еуропалық компаниялардың қызығушылығын тудырады. Сөйтіп , Оңтүстік Корея Қазақстанның нөмір бірінші инвестор – елі , ұзақ мерзімді жобаларды іске асыра отырып, еліміздің нарығында мықты позицияны иемдену мүмкіндігінен айырылып қалды.

II. *Екінші кезең (2000 – шы жж.)*. Бұл кезең Оңтүстік Кореяның Қазақстанның минералды және басқада шикізаттарына деген қызығушылығымен сипатталады. 2003 жылы ақпан айында билікке келген Но Му Хён президентінің әкімшілігі , әлемдік мұнайдың бағасының өсуіне байланысты, 2006 жылы қараша айында тұрақты даму үшін энергия мен ресурстардың орнықты көздерін қамтамасыз етуге бағытталған «Орталық Азиямен әріптестік жайлы кешенді шараларды» қабылдайды. Бірақ бұл уақытта Қазақстанның энергия өндірушілік нарығы трансұлттық компаниялар арасында бөлініп қойған еді. Сондықтан корейлік бизнестің әртараптандыруы мен инвестициялық ағындардың түзетілуі жүрді [5].

III. *Қазіргі уақыттағы кезең* бірінші онжылдықтың соңында басталып, осы күнге дейін жалғасып келеді. Бұл кезең хронологиялық жағынан, 2008 жылы ақпанның соңында Ли Мён Бактың билікке келуімен сәйкес келеді. Ли Мён Бактің президенттік басқаруының тұсында екі ел арасындағы қарым-қатынас дамуы сан жағынан да, сапа жағынан да артқаны айқын көрінді. Екі елдің басшыларының өзара тығыз қарым-қатынастары Президент Ли Сеул қаласының мэрі болып тұрған кезден басталған еді. Оған дәлел, бұрынғы Президент Ли Мён Бак 2012 жылы Қазақстанға 2 рет келіп кеткен болатын. Енді, Президент Пак Кын Хең басшылығымен құрылған Кореяның жаңа үкіметі екі жақты қарым-қатынас жасауда жаңа өріс алады деген сенім бар. Себебі, қазіргі Корей үкіметі «Еуразия Жібек жолының» экономикалық әлеуетін жоғары бағалайды және осы аймаққа өте үлкен қызығушылық артып отыр [6].

Сөйтіп, Оңтүстік Кореямен Қазақстан дипломатиялық қарым-қатынас орнатқаннан кейінгі қысқа ғана 20 жыл ішінде сапалық және сандық даму ынтымақтастығына қол жеткізді. Екі ел шекаралас болмағанмен де, Корея мен Қазақстанға дипломатиялық байланысты табысты дамыту қиынға соққан жоқ. Ең алдымен, Қазақстандағы 100 мың корейлік ынтымақтастықты дамыту жолында айтарлықтай маңызды рөл атқарып отыр. Екіншіден, Корея мен Қазақстан өзара қосымша экономикалық құрылымдарға ие. Үшіншіден, екі ел аймақта үйлесімді рөлге ие және халықаралық аренада әріптестікті

дамытуға ешқандай кедергі жоқ. Төртіншіден, Корея «дамудың арнайы көмектері» бағдарламаларын іске асыру жолдары бойынша өз тәжірибесін Қазақстанмен бөлісті.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Республикасы халықаралық ынтымақтастықта мәдениет саласындағы саясатты жүзеге асыра бастады. 1992 жылы Қазақстанның ЮНЕСКО – ға мүшелік етуі, мәдени байланыстардың айтарлықтай кеңеюіне ықпал етті.

Соңғы өткен екі онжылдықта Қазақстан мен Корея республикалары арасындағы сандық қана емес, сапалық өзгерістерден де өтті. Екі ел арасындағы ерекше мәдени байланыстың пайда болу себебі – қазақтар мен кәрістердің салттарының, діни нанымдардың, отбасы мен қоғамдағы қарым – қатынастар этикетінің және антропологиялық түрдің ұқсастығына байланысты. Еліміздегі сандық жағынан ірі кәріс диаспорасының болуы да, ыстық әрі достық қарым – қатынастарға әсер етті.

Өткен жиырма жыл бойы Корея мен Қазақстан Үкіметінің ұйымдастыруымен кең ауқымды мәдени жобалар, концерттер, көрмелер, театрлық қойылымдар, ғылыми конференциялар, сән үлгілерін көрсету, Қазақстанның өнер мен бұқаралық ақпарат қызметкерлерін Кореяға шақыру сияқты мәдени шаралар болып өтті. Қазақстанға Оңтүстік Кореяның ең ірі теле және радиоккомпанияларынан арнайы тілшілер келіп, Қазақстан туралы деректі фильмдер мен телехабарлар топтамасын түсіріп әкетті.

Бастапқыда мәдени саладағы қарым – қатынастар эпизодтық сипатта, яғни кездесулер тек жеке қызығушылық танытқан тұлғалар немесе ұйымдардың бастамасымен болды. Уақыт өтте келе, Н.Ә.Назарбаевтың алғашқы рет Оңтүстік Кореяға іс – сапарында, екі елдің мәдени ынтымақтастығын заңды бекіткен 1995 жылы 16 маусымдағы келісімшартқа қол қойылады. Келісімшарт негізінде екі ел мәдениет, білім беру, туризм, спорт және жастарға байланысты басқада салаларды орнықтырып, оларды әрі қарай дамытуға міндеттелді [9].

90-жылдардың бас кезінде Оңтүстік Корея Қазақстандық отандастарына көп көңіл бөлді. Оңтүстік Кореяның халқы этникалық кәрістердің тілі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен тарихы жөнінде ештеңе білмеді. Сондықтан, 1994 жылы MBS теле-радио корпорациясы “Кәрістер” атты 21 бөлімнен тұратын көркем фильм түсірді.

Ең алғашқы мәдени байланыстардың бірі 2003 жылы Қазақстан Республикасының Орталық музейіндегі корей ұлттық мәдениетінің тұрақты экспозициясының ашылуы болды.

2008 жылдың 6-шілдесінде Астанада “Сеул күні” мен 3-қазанда өткен “Корей түні” атты мәдени шара арқылы кәрістер өздерінің ұлттық киімдерін, тағамдарын, ән мен биін, салт-дәстүрін көрсетті. Ал, 15-19 шілде аралығында Алматы мен Астана қалаларында Корея Республикасының елшілігі Корей кино фестивалін ұйымдастырды.

Өз кезегінде атақты қазақстандық әншілердің, хореографиялық орындаушылардың, сазгерлердің, симфониялық оркестрдің концерттері Оңтүстік Кореяның сахналарынан көрініс тапты. Әлібек Дінішев, Айман Мұсаходжаева, Жания Аубакирова сияқты қазақ өнерінің саз шеберлері өз өнерлерімен кәріс жұртын таң қалдырды.

Осы тұста 2010 жылдың “Кореядағы Қазақстан жылы” болғандығын, әрі Қазақстанның мәдениетін дамыту мен насихаттаудағы маңызын айта кету керек.

2000 жылдары Корея мен Қазақстанның мәдени қатынастарының ішінде атап өтуге міндет тұратын жайт Қазақстанда корей телехикаялары мен киноларының жергілікті ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, Қазақстан халқының қызығушылығын тудыруы. Әрі бұл құбылыс “халлю”, яғни “корей мәдени толқыны” деген атпен белгілі.

Сонау 90-жылдары Оңтүстік Корея жерінен бастау алған бұл мәдени құбылыс ең алдымен Қытай мен Тайваньға әсер етті. Содан біртіндеп Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне тарап, бүгінгі таңда біздің елімізге дейін жетті [10].

«Халлю» құбылысының мәні – Кореяның поп-мәдениетін, яғни киносын, телехикаясын, музыкасын, тағамын, киімін, жауынгерлік өнерін дәріптеу. Оңтүстік Корея “халлюмен” байланысты тауарды экспортқа шығару арқылы жылына миллиондаған доллар қаражат табады.

2000 жылдары Қазақстанда Ел арна, Хабар, Қазақстан, ТАН, Рахат телеарналары арқылы “Менің жүрегімдегі күз”, “Шақыру”, “Ва-банк”, “Жумоң” атты телехикаялар орыс

және қазақ тілдеріне аударылып көрсетілді.

Біздің елімізде көптеген елдердің кинолары мен телехикаялары көрсетіледі. Бірақ, неге көрермендерді корей телехикаялары қызықтырады деген сұрақ туады. Өйткені, корей телехикаяларында атыс-шабыс жоқ, саяси мәселені көтермейді, кішісі үлкенді сыйлайды, қыз-келіншектері ашықшашық киінбейді. Сонымен қатар, қазақтар мен кәрістердің дәстүрлі мәдениеті мен өмірге көзқарастарының ұқсастығының көптігі тұрғысынан да түсіндіруге болады. Қазақтар мен кәрістер сырт келбеті жағынан ғана емес, үлкенді құрметтеу, отбасы мен туыстық қатынастардың маңыздылығына көңіл бөлуі тұрғысынан шығысқа тән мәдениет иесі екені сөзсіз.

2011 жыл “Қазақстандағы Корея жылы” деп жарияланды. Осыған орай, корей мәдениетін қазақ халқына етене таныстыруға арналған 30 шақты іс-шара ұйымдастырылды [11].

25 жылға жуық уақыт – ол қазіргі заман тарихы үшін де өте қысқа мерзім, алайда Қазақстан мен Оңтүстік Корея осы аз ғана уақыт ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізе алды. Дипломатиялық қарым – қатынастардың орнауынан, жаңа стратегиялық серіктестік кезеңіне дейінгі ұзақ жолды өтті.

Оңтүстік Корея Қазақстан үшін динамикалық дамып жатқан, болашаққа нық көзделген және экономикалық, технологиялық, адами көрсеткіштері жоғары, қазіргі заманға сай мемлекет. Ал Қазақстан Оңтүстік Корея үшін минералды ресурстар мен барлық қазба байлықтарына бай, қосылған құны жоғары және пайдалы бизнес жобаларына тиімді жаңа нарықтық мемлекет. Екі ел арасындағы қарым – қатынастар тәжірбие жинап, халықаралық деңгейде жан – жақты, әрі өзара тиімді болып, сондай – ақ жеке бизнес, мәдениет, білім және ғылым салаларында жоғары көрсеткіштерді көрсетіп, алға басты.

Қазақ – кәріс ынтымақтастығы жоғары айтылып өткен жетістіктермен ғана шектелмей, ары қарай дамып, гүлденуіне үлкен сенім артамыз. Әрі осы ынтымақтастықтың қандай да бір саласына өзіміздің жеке бас үлесімізді қосуға ат салысамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Левченко Г.Я. История и современное состояние торгово-экономических связей между Россией и Республикой Корея. — Результаты и перспективы российско-южнокорейского сотрудничества: к двадцатилетию установления дипломатических отношений между Россией и Республикой Корея / Ред. коллегия — А.Н. Федоровский (отв. ред.), В.Б. Амиров, В.В. Михеев. — М.: ИМЭМО РАН, 2010. — С. 24. 2
2. Титаренко М.Л. Дипломатическим отношениям между РФ и РК — 20 лет: надежды, результаты, вызовы и уроки. Доклад на 22-й ежегодной конференции ИДВ РАН — Центр АТР Ханьянского ун-та, Сеул, 30 сентября — 1 октября 2010 г. — С. 11—16.
3. Токаев К. «Преодоление. Дипломатические очерки казахстанского министра». Астана, 2003. — С. 464
4. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства // Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. Из докладов, выступлений и статей Президента Республики Казахстан. Алматы, 1996. — С. 99
5. Современный Казахстан: стратегия успеха /Колл.авт. Под ред.М.Е. Шайхутдинова. - Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК,2008. — С. 345
6. Ким Г.Н «КАЗАХСТАН — ЮЖНАЯ КОРЕЯ: по пути стратегического партнерства». Книга 2. Сборник документов . Алматы, 2012. — С.430
7. Сотрудничество между РК и Республикой Корея в области образования. Официальный сайт Министерства образования и науки РК. http://www.edu.gov.kz/index.php?id=rk_and_koreia&L=1.
8. 김계르만. (통일시계)중앙아시아고려인과조국. — 서울: 월간한민족제5호 . — Pp. 18—28.
9. Түсіпбекова Л. Астана-Сеул: дипломатия новых возможностей // Корея: чудо

продолжается, 2012. — 96.

10. Сон Ён Хун. Корея мен Қазақстанды мәдени салада түсіну және екі жақтың мәдени байланыстарын дамыту жолдары // Известия Корееведения в Центральной Азии. Алматы, 2010. — 102б.

11. Алимбаева Ж.Н. Перспективы развития Южнокорейской массовой культуры в Казахстане // Известия Корееведения в Центральной Азии. 2011. — 5б.

УДК 32:35.082.7

РОЛЬ ЖЕНЩИН В ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ

Токмурзина Элина Эрнестовна

t.elina969@gmail.com

Студент ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, факультета международных отношений,
специальности «Регионоведение», Астана, Казахстан

Научный руководитель: Касенова Б.Б.

В настоящее время роль женщин в современном обществе постоянно возрастает. Это можно заметить, как по всему миру увеличивается их удельный вес в различных сферах жизни (политика, экономика, культура и т.д.). Но до сих пор существуют отголоски стереотипов, которые гласят о том, что женщины могут реализовать себя только в сфере домашнего хозяйства или воспитания детей.

Еще древности положение женщин находилось ниже, чем у мужчин. В книге Уильяма Дюранта «История цивилизации» подробно описываются позиции мужчин в отношении женщин: «..Рождение девочек было нежелательно. Был распространенный обычай: отцу, у которого родилась девочка, разрешалось избавиться от них...»; «Женщина в старом китайском обществе была лишена всех своих финансовых и социальных прав, её считали неспособной, она не имела права определять свою судьбу, а мужчина решал за неё всё, она не заслуживала ни образования, ни хорошего воспитания, она должна оставаться дома взаперти и работать как служанка, шить и выполнять всевозможные домашние работы.»¹. Судьба женщины в древнеримском, древнекитайском обществе не была лучше, чем судьба женщины в других государствах.

В развитых странах, также как и в развивающихся, бедственное положение женщины все еще остается реальностью. Печально признавать, что это происходит в уже современном цивилизованном обществе.

Значительное влияние на отчуждение женщин от политики оказывает уже издревле сложившаяся патриархальная идеология, ставящая женщину в зависимое от мужчины положение во всех сферах жизнедеятельности общества. Существующая нестабильность в экономике, политике – все это укрепляет негативный взгляд на женщину, хотя известно, что в тяжелые периоды жизни страны женщины наравне с мужчинами участвовали в решении самых сложных проблем. Например, в годы правления Индиры Ганди в Индии была проведена национализация банков, активно развивалась промышленность, также «зеленая» революция, произошедшая в сельском хозяйстве, позволила Индии на долгое время стать независимой страной от импорта в плане продовольствия. Премьерство «железной леди»-Маргарет Тэтчер позволило перестроить и модернизировать экономику Англии в лучшую сторону. Начало политической деятельности Беназир Бхутто привело к ряду социальных реформ и налаживанию отношений с Индией, противником Пакистана в прошлом.

Патриархальная идеология приходит в противоречие с основными принципами демократии, где на первом месте стоят свобода, равенство, самореализация личности².

Известный французский философ XVIII века Жан Антуан Кондорсе сказал: «Одним из наиболее важных для общего счастья результатов прогресса человеческого разума, мы должны считать полное разрушение предрассудков, создавших нерав